

## Ғылыми-технологиялық ынтымақтастық жөніндегі Ислам Конференциясы Ұйымы Тұрақты комитетінің Бас Ассамблеясы (COMSTECH) Атқарушы комитетінің 23- мәжілісін өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 14 ақпандағы N 26-ө Өкімі 2005 жылғы 21 - 22 ақпан кезеңінде Алматы қаласында Ғылыми-технологиялық ынтымақтастық жөніндегі Ислам Конференциясы Ұйымы Тұрақты комитетінің Бас Ассамблеясы Атқарушы комитетінің (бұдан әрі - COMSTECH Атқарушы комитеті) 23-мәжілісінің өткізілуіне байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне COMSTECH Атқарушы комитетінің мәжілісін өткізуге, оның ішінде делегация мүшелерінің қонақ үйде тұруына және тамақтануына, халықаралық және электрондық байланысқа 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 6315000 (алты миллион үш жүз он бес мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*